

Құттықтау жеделхаты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қос киенің сақшысы, Сауд Арабиясының Королі Салман бен Әбделазиз Әл Саудты және осы елдің Тақ мұрагері, Премьер-министрі ханзада Мұхаммед бен Салманды Корольдіктің негізі қаланған күнмен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхаттарда халықаралық қауымдастық Сауд Арабиясын экономикасы қарқынды дамыған, іргесі берік, беделді мемлекет ретінде танытты. Сондай-ақ Корольдік Қазақстанның ислам және араб әлеміндегі сенімді әрі маңызды серіктестерінің бірі екенін атап өткен. Қасым-Жомарт Тоқаев екі ел арасындағы мазмұнды

саяси диалогке негізделген ынтымақтастық алдағы уақытта да сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстардың қарқынды дамуына серпін беретініне сенім білдірді. Қазақстан Президенті Сауд Арабиясының Королі мен Тақ мұрагерінің жауапты қызметтеріне толағай табыс, халқына құт-береке тіледі.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

А.О. Қырықбаев туралы

Арман Оразбайұлы Қырықбаев Қазақстан Республикасы Президентінің ішкі саясат мәселелері және коммуникациялар жөніндегі көмекшісі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 24 ақпан
№ 797

Көрнекті жазушының отбасына көңіл айтты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көрнекті жазушы, драматург, Қазақстанның Еңбек ері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабековтің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

«Дулат Исабекулы ұлағатты ғұмырын ұлт әдебиетіне арнаған, тағылымды туындыларымен оқырман санасына шамшырақ бола білген нағыз дегдар тұлға еді. Халқымыздың рухани өлемін байытуда, ұлттық прозамыздың көкжиегін кеңейтуде аянбай тер төгіп, өнегелі өмір сүрді. Қуатты қаламынан туған сүбелі

шығармалары, драмалық еңбектері әлем сахналарын бағындырып, дүниежүзіне киелі сөз өнерімізді дәріптеді. Соңына әдеби мол мұра қалдырған Дулат Исабекулының жарқын бейнесі мен ардақты есімі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын», делінген жеделхатта.

ӨЛДІ ДЕУГЕ БОЛА МА...

Дулаттай дүлдүл өтті дүниеден

Ұлт әдебиеті мен мәдениеті қара жамылды. Қазіргі әдебиетіміздің алып бәйтерегі, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, Қазақстанның Еңбек ері, Халық жазушысы Дулат Исабеков бақиға озды.



Сонау соғыс жылдарында туған қабырғалы қаламгердің есімі елге ерте танылды. Қолына қалам ұстап, ұлт өмірінің көркем суретінен тұратын алғашқы әңгімелерімен-ақ аға буынды елең еткізген классик жазушы қалың елі қуанса – бірге қуанды, қайғырса – қайғысын бөлісті. Тұңғыш жарияланған «Жолда», «Шойынқұлақ» әңгімелерінен

бастап қаламынан туған қадау-қадау туындылары оқырман олжасына айналғаны әмбеге аян. «Гауһартасы» мен «Дерменесі», «Тіршілігі», «Қарғыны» мен «Өкпек жолаушысының» қай-қайсысы болсын оқырман сүйіп оқыған, халықтың ризашылығына бөленген бірегей шығармалар.

10 >

ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

Көптен күткен қоныстой

Жұртшылық жаңа заңның игілігін көре бастады

Президент өткен жылы қол қойған тұрғын үй саясатын реформалау туралы заң биыл 24 мамырда күшіне енеді. Алайда құжаттың жекешелендіруге қатысты нормалары былтырғы 4 желтоқсанда қолданысқа еніп, жұртшылық оның игілігін көре бастады.

Қамбар АХМЕТ, «Egemen Qazaqstan»

Жаңа заң арқылы тұрғын үйге есепке қою жүйеленіп, кезекке тұру жеңілдетілді. Енді үйі жоқ кез келген адам пәтер кезегіне тұра алады. Табысы төмендердің үй жалдау ақысының бір бөлігі субсидияланады, кейбір азаматтарға жеңілдетілген ипотека беріледі.

Өзгерістің ең үлкені – көптеген азаматты уайымға салып келген мәселе шешілді. Тұрғын үй қорынан жалға алған үйді жекешелендіруге құқық берілді. Осының арқасында қазіргі өзінде 396 адам пәтерін жекешелендіріп үлгерді (1-инфографика). Жаңа заң кімге қандай жеңілдік беріп отыр? Оны қалай пайдалануға болады? Осы мәселені көпшілікке жіктеп-жіліктеп жеткізу мақсатында Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі мен Мәжілісте жұмыс тобынан және «Отбасы банкінен» ақпарат ала отырып, ең өзекті мәселелерге тоқталып отырмыз.

Енді үй кезегіне барлық азамат тұра алады

Тұрғын үйге қатысты бұрынғы заң бойынша баспана кезегіне көпбалалы отбасылар, жетім балалар, I, II топтағы мүгедек жандар, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері




Суретті түсірген – Ераш ОМАР, «EQ»

сияқты белгілі бір санаттағы адамдар тұра алатын еді.

Жаңа заң кемелетке толған азаматтарымыздың бәріне баспана кезегіне тұруға мүмкіндік беріп отыр. Негізгі талап – кейінгі 5 жылда баспана болмауы қажет. Ал Астана, Алматы, Шымкент қалаларында кезекке тұрғыңыз келсе, жоғарыдағы талаппен бірге бұл шаһарларда кейінгі 3 жылда тіркеуде тұрғаныңызды растауға тиіссіз.

3 >



БИЗНЕС БАРОМЕТРИ

Тауар көп, қойма тапшы

Еліміздің қойма нарығы Орталық Азиядағы ең ірі нарық болып есептеледі. Елдегі қойма алаңдарының 66%-ы Алматыда орналасқан. Сарапшылардың айтуынша, жыл санап өзекті болып келе жатқан бұл нарықтағы баға да жылдам қарқынмен өсіп келеді.

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

2024 жылдың бірінші тоқсанында 230 мың шаршы метр қойма алаңы құрылыс кезеңінде тұрған. Олардың ірілері – «Кедентранссервис» логистикалық терминалы, «Ozon» компаниясының логистикалық паркі, «Damu Logistics Almaty» компаниясының қойма кешені, «Wildberries»-тің қойма алаңқайлары. Бұған қоса қазір «УТО Express» Алматы облысында 2025 жылдың екінші тоқсанында пайдалануға беріледі деп жоспарланған көпфункционалды контейнерлік терминалдың құрылысын жүргізіп жатыр.



«Қазпошта» және «TLC Focus»-пен бірлесіп қолға алынған бұл жоба – яғни электронды коммерцияның үлесіретін орталығының көлемі – 500 мың шаршы метр. Оған

контейнерлік терминал мен өнеркәсіптік парк сыйып кетеді.

5 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...

Екі аудан «өз уақыт белдеуіне» көшті

Шығыс Қазақстан облысының Марқакөл және Үлкен Нарын аудандары «өз уақыт белдеуіне» көшті. Бұл өзгеріс өңірдегі кіннің ерте атып, ерте бататынын ескере отырып, тұрғындардың жұмыс уақытын жарық мезгілге сәйкестендіру мақсатында енгізілді. Енді екі аудандағы жұмыс күні таңғы 08:00-де басталып, 17:30-да аяқталады, ал түскі үзіліс 12:00-мен 13:30 аралығында. Бұл жаңа кесте еңбек өнімділігін арттырып, тұрғындардың жеке уақытын тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. ШҚО Өңірлік коммуникациялар қызметі мен аталған аудандардың ішкі саясат бөлімдері бұл өзгерісті ресми түрде растады.

БҮГІН БАСЫЛЫМДА

Әлия Молдағұлованың майдан хаттары

Ақтөбе қаласындағы Кеңес Одағының батыры Әлия Молдағұлованың облыстық мемориалды музейінде әр жылдарда жинақталған батыр қыздың құжаттары, майдан хаттары, сондай-ақ ол шайқасқан жерлердегі қару-жарақтар, Ленинградта оқыған мектебінен әкелінген фотосуреттер, іздеу отрядтары тапқан деректер, қарулас серіктерінің естеліктері топтастырылған.

ЕРТЕҢ — «ЕГЕМЕНДЕ»

МӘМС қаражаты қайда жұмсалады?

«МӘМС қаржысы қайда кетіп жатыр?», «Жыл бойы емханаға бармасақ, аударған жарнаның басын қосып, қайтарып алуға бола ма?». Кейінгі кезеңде қоғамда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты осы екі сауал жиі қойылады. «Сақтандырылған» мәртебесі бола тұра, жеке емханаларға қаралатындар бар. Сол тұрғыда тіркелген емханадан тиісті емшара алмаған тұрғындардың сын-пікірі де орынсыз емес.